

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES INSTITUTE

№4/2023

Жылына 4 рет шығады
2001ж.шығабастаған

Выходит 4 раза в год
Начали издаваться с 2001г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 27.12.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 27.12.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.12.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАКИРОВА Ш.А., БАЙМЫШ Л.Қ.	Қазақ тіліндегі тәуелдік жалғауының көнеленуі мен түбірге кірігу мәселесі.....	7
BEKENOVA G.SH. AKHMETOVA G.S.	Lexical and semantic characteristics of place and water names of the Abaydistrict.....	20
ЕРМЕКБАЕВА М.А.,	«Қасқыр» зоониміне байланысты мақал-мәтелдердің семантикасы (қазақ және түрік тілдері негізінде).....	31
ЕСІМСЕЙТОВ Б.Р., КОКИШЕВА Н.М.	«Заң» сөзінің негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның көлемдік сипаты	47
KARAGULOVA B.S., MUKHTAROVA S.S.	Types of lexical and grammatical transformations in literary translation.....	62
КЕМЕЛБЕКОВА Е.А.	Linguistic features of borrowed terms of applied geometry and their semantic modification in kazakh language.....	75
КЕНЖАЛИН Қ.К., ДАНИЯР Ә.А.	«Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысы.....	88
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш., ҚҰЛМАНОВ С.	Қазақ терминжасамы: дәстүрлі үдерістер және қазіргі даму бағыты.....	107
ОМАРБЕКОВА Г.Ә.	Мұхтар Әуезовтің эпистолярлық стилінде антропонимдік вокативтердің қолданысы.....	130
УРАЗАЕВА К.Б., ИДРИСОВА Э., АЗКЕНОВА Ж.	Риторический идеал и риторическая идентичность. Приемы создания картины мира в поэзии жырау.....	144
ХАСАНГАЛИЕВА Б.К., ИСАКОВА С.С., ӘЛІМБЕК Г.Р.	Когнитивтік терминтанымның негізгі ұстанымдары.....	162

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЛЪЖАНОВА А.Ы., БАЛМАГАМБЕТОВА Ж.Т.	Проблемы адаптации казахской художественной прозы (на примере прямого и опосредованного переводов романа А. Нурпеисова «Соңғы парыз»).....	177
КАРБОЗОВ Е.К., МАМЕЖАНОВА Ә.Е.	1960-80 жылдардағы қазақ поэзиясындағы ұлттық дүниетаным және салт-дәстүр.....	190
МАТАЕВА А.К.	Қазіргі қазақ әдеби сынындағы ізденістер.....	207
МАУЛЕТ А., ҚОБЛАҢДИН Қ.И.	Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні.....	220

НУРЛАНОВА А.Н., СЕЙПУТАНОВА А.К., ЖӘМСАП А.Т.	Ш.Құдайбердіұлы поэзиясындағы «ар-ұждан» категориясы.....	238
НҰРБАНОВА А.Қ., БАРАТОВА М.Н.	Жалпы адамзаттық рухани құндылықтар теориясы.....	248
ОЛЖАБАЕВ Б.К., ПАНГЕРЕЕВ А.Ш., СӨЙЛЕМЕЗ О.	Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері.....	266

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

BUKAYEVA A.A., BIRAY N.	The effect of implementing case study approach on students learning outcomes in teaching kazakh legal discourse.....	281
YERSULTANOVA G.T., KENZHEKANOVA K.K., TUSSUPBEKOVA M.ZH.	Teaching english grammar using internet resources.....	294

FTAMP 16.21.33

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.07>

Қ.К.КЕНЖАЛИН¹ 

*Ә.А. ДАНИЯР² 

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан^{1,2}
(e-mail: kenkk@mail.ru¹, aliya_daniyarova@mail.ru²)

*«БАБЫРНАМАДАҒЫ» ЖАЙ СӨЙЛЕМДЕР МЕН ТӨЛ СӨЗДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Аңдатпа. Түркі халықтарына ортақ, естелік жанр үлгісі болып келетін «Бабырнама» қолжазбасында автордың өзі тұрған, саяхаттаған көрнекті жерлер туралы барлық негізгі мәліметтер келтіріледі. Өмірі әскери жорықтар мен жаулап алулармен өткізген Захир ад Дин Мұхаммед Бабыр «Бабырнама» жазба мұрасында тарихи маңызы бар өмірлік жолын барлық жағынан ашуғы тырысты. Бабыр өз жұмысында сол дәуірдің өмір салтын шынайы түрде бейнелеп жазған және де шығарма мәтінінде өзіне бағытталған үнқатымдар арқылы өмірбаяндық тәсілді қолдана білген.

Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан туралы маңызды ақпараттарға толы бұл жәдігерде авторлық ой-пікір, ғылыми-танымдық түсініктеме де қамтылады. Әрбір бөлім мәтінінің автор тұрғысынан баяндалу түрі анықталып, жалпы мәтін құрылымын кіріспе, негізгі бөлім, ой қорыту сынды жүйеге негіздеуге болады.

Бұл мақалада грамматикалық және лексикалық элементтерді ескере отырып, «Бабырнамада» автор қолданған жай сөйлемдер мен төл сөздердің қызметі, қолданысы мен түрлері айтылып, тілдік талдау арқылы дәйектеледі. Яғни жай сөйлемнің жақты/жақсыз, толымды/толымсыз және атаулы түрлеріне мысал келтіріліп, баяндауыш мүше болған сөздердің жасалу жолдары түсіндіріледі және қазіргі қазақ тіліндегі қолданысымен салыстырылады, төл сөздердің жасалу формасы мен мазмұндық сипаты айқындалады.

Түйін сөздер: сөйлем мүшесі, мәтін, оқиға желісі, төл сөз құрылымы, автор сөзі, сөйлеуші сөзі

Кіріспе. Бабыр өзінің атақты қолжазбасы – «Бабырнамада» флора мен фаунаға ерекше көңіл бөліп, сондай-ақ аң аулау, балық аулау және ауылшаруашылық әдістеріне қызығушылық танытатын көптеген жерлердің

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» ғылыми жобасы аясында жазылды.

сипаттамаларын қамтиды: Ферғана, Трансоксиана және Кабулдың төңірегіне географиялық шолулар, сондай-ақ Үндістанның жиырма беттен тұратын сипаттамасы бар. «Бабырнамада» автор тікелей өмірлік тәжірибесінен тыс қашықтағы оқиғаларды сипаттаған (мысалы, парсылар мен өзбектер арасындағы шайқастар).

«Бабырнамада» түрлі тұжырымдама мен көзқарастар тоғысқан. Ол туралы мынадай пікір бар: «Кросс-мәдени тұжырымдамалар «Бабырнама» мәтінінде маңызды рөл атқарады: олар сол кездегі Орталық Азия халықтарының өмірі мен күнделікті өмірінің маңызды аспектілерін сипаттайды; олар осы этникалық топтардың психикалық ерекшеліктерін, олардың дүниетанымы мен көзқарасын жеткізеді [1, 143].

«Бабырнаманың» тілінде сол дәуірдің тілдік ортасына байланысты сөздер қолданылады, тіл тарихы, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдар тұрғысынан көптеген ерекшеліктер кездеседі. Автордың аталмыш жазба мұраны сол дәуірде түркі халықтарына ортақ шағатай тілінде жазып, Темір ұрпақтарының сөйлеу стиліндегі қарапайым, бірақ ерекше пысықталған және рәсімделгенін ескере отырып, «Бабырнама» мәтінін өте көркем, жоғары деңгейде жазылған және көпшілік назарына ұсынылған маңызы бар зор еңбек деп бағаланады.

Бабырдың бұл жазба мұрасының қанша түрлі нұсқасы мен қолжазбалары таралғаны жөнінде келесідей ақпарат келтіре аламыз. 1900 жылға дейін «Бабырнаманың» үш түркі қолжазбасы кеңінен танымал болды:

- 1) Британиялық мұражайдық қолжазбасы;
- 2) Хинди қолжазбасы;
- 3) Н.И.Ильминский қолданған және 1857 жылы шығарған қолжазбасы.

Содан кейінгі уақытта А. Беверидждің табанды ізденістерінің арқасында басқа қолжазбалар да белгілі болды. 1900 және 1902 жылдары А. Беверидж жаңа табылған жазбаларды, хабардарлық айғақтары мен болжамдарды ескере отырып, «Бабырнама» нұсқаларының кең тізімін жариялады. Сол тізімді А.М. Щербактың «Грамматика староузбекского языка» (1962) атты еңбегі бойынша төменгідей тізімді көрсетуге болады:

- 1) түпнұсқа;
- 2) Хаджи Килленнің қолжазбасы;
- 3) Хумаюн қолжазбасы;
- 4) Эльфинстоун қолжазбасы;
- 5) Британиялық мұражайының қолжазбасы;
- 6) Үнді бөлімінің қолжазбасы;
- 7) Бенгал шығыс қоғамының қолжазбасы;
- 8) Mysure MS;
- 9) Bibliotheka Lindesiana MS;
- 10) Хайдаребад қолжазбасы;

- 11) Санкт-Петербург университетінің кітапханасының қолжазбасы;
- 12) Г. Я. Кердің қолжазбасы (Санкт-Петербургтегі Сыртқы істер министрлігі);
- 13) Санкт-Петербургтегі Азия мұражайының қолжазбасы;
- 14) Бұхара қолжазбасы;
- 15) Түркістан Назарбай қолжазбасы (немесе «Сенковскийдің қолжазбасы») [2,42].

Зерттеу жұмысы үшін негізгі дереккөздер ретінде бұл тізімде жоқ 1993 жылы Гарвард университеті тарапынан W.M. Jr. Thackston авторлығымен жарыққа шыққан «Baburnama» (әлемдік түркілік транскрипт, парсыша және ағылшын тіліндегі аудармалары) нұсқасы [3] мен Шен Месут тарапынан Стамбулда 1993 жылы жарық көрген «Gazi Zahirüddin Muhammed Bâbur, Bâburname I Giriş-Metin (Kâbil ve Hindistan Bölümleri)-Açıklamalı Dizin» еңбегін [4], қазақша аудармасы ретінде Қожабекұлы Б. «Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. – Алматы, 1993» атты еңбегін пайдаландық.

Мақаланың мақсаты – «Бабырнама» мәтініндегі жай сөйлемдер мен төл сөздердің синтаксистік құрылымы мен тілдік ерекшелігін анықтау. Сол мақсатқа сай келесі міндеттер айқындалады: жай сөйлемдердің түрлері, сөйлем ішіндегі сөздердің орналасу тәртібі, төл сөздердің құрылымы, ондағы автор сөзінің ерекшелігі және қазіргі қазақ әдеби жазба тіліндегі ұқсастықтары мен айырмашылықтары.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында сипаттама, тілдік талдау, жүйелеу, жинақтау және салыстырмалы әдістер қолданылды. Бұл зерттеу әдістері «Бабырнамадағы» жай сөйлемдердің құрылымын, атап айтқанда, сөйлем мүшелерінің өзара байланысын, сөйлемге қатынасы мен сөйлемдегі қызметін, мағыналық үйлесімдігін анықтауға және сол дәуірге тән төл сөздердің жасалуы мен мазмұндық сипатын талдауға мүмкіндік берді.

Талқылау мен бақылау. Мәтін лингвистикасы аспектісі бойынша баяндау құрылымындағы шығармадағы авторлық өрімнің берілу жолына орай «автор бейнесінің» үш түрі ажыратылады: 1. Автор – жазушы. 2. Автор – әңгімелеуші. 3. Автор – бақылаушы. «Бабырнама» осы үш түрлі авторлық өрім тұрғысынан алғанда автор-бақылаушы элементтерін қоса автор-жазушы формасында баяндалады. Себебі Бабыр оқиғалар желісі мен сипаттама мәтіндерін жазғанда өмірбаяндық позиция тұрғысынан жазушы ретінде әңгімелейді.

Ғалым Қ. Байтанасова «Мәтін теориясының кейбір мәселелері» атты мақаласында көркем мәтіннің баяндалуы тұрғысынан былай дейді: «Баяндау мәтіні құрылымдық жағынан алғанда бейнеленетін әлемнің темпоральді (уақыттық) құрылым деңгейінде алып, қандай да бір жағдайдың өзгерісін білдіреді [5, 29]. Демек, мәтінді ішкі құрылымы мен сыртқы мазмұны

бірлестікте қарастырған жөн. Сол арқылы мәтінді түсініп, авторлық ұстанымды анықтауға болады.

Ө.О. Тұяқбаевтың «Хан жарлықтарындағы қыпшақ тілі ерекшелігі» атты зерттеу мақаласында ғалым хаттар құрылымын бәріне ортақ арнайы шартты формулярмен талдап, төменгідей бөліктерге бөліп көрсетеді: бастапқы бөлім, негізгі бөлім, соңғы бөлім, куәландыру бөлімі [6, 1]. «Бабырнама» жазба мұрасында автор өзінің жазба стилінде жоғарыда атап өткен негізгі бөліміне қатысты мән-жайдың баяндамасы, хабарлама, ашық баяндама (narratio) түрін қолданады. Оған мысал ретінде мына бір сөйлемдерді келтіре кетейік:

Dušanba kuni Askarī, kim safar qılıp ċiqip edi, kelip hammamda ruxsat alıp šarqqa köċti.

Sišanba küni Dolpūrda buyurğan hawd u ċah 'imāratlarını körä bardım. Bir pahar va bir garida bāğdın atlandım. Keċäning avvalqı pāsıdın beš gari bolup edi kim Dolpür bāğğa barıldı.

Panjšamba küni aynıng on biridä sangin Cah va yegirma altı taš tarnāw va taš sutün va yakpāra qayadın qazılğan arıqlar tayar bolup ošbu küning üd paharidin Cahdın su tartmaq bunyād boldı.

Adina küni avvalqı paharğa bir gari qalıp edi kim Dolpürdın atlanıldı. Aftāb hanüz olturmaydur edi kim daryādın keċildi [3, 751].

Байқап отырғанымыздай бұл жерде сөйлемдердің мазмұндық реттілігі сақталған. Атап айтқанда, апта күндеріне сай әр баяндама сөйлем өз ақпаратын жеткізеді. Автор дүйсенбі, сейсенбі, бейсенбі және жұма күндері болған оқиғалар мен жайттарды баяндайды.

Ғалым Г.Ф.Благова өзінің ғылыми мақаласында берілген жазбадағы жай сөлемдердің құрылымдық ерекшелігі жөнінде былай дейді: «Бабырнама тілінде біз толымсыз сөйлемдердің келесі түрлерін байқай алдық: 1. Диалог ішіндегі өзара байласымды үнқатымдарды көрсететін толымсыз сөйлемдер; 2. Құрмалас сөйлемдердің құрамына кіретін толымсыз сөйлемдер; 3. Толық емес сөз формаларын немесе толық емес тіркестерді қамтитын сөйлемдер» [7, 60].

Осы аталған типтердің мағынасы мен қызметін ашу үшін төмендегідей мысалдар келтірейік:

1. Бабырнамада кездесетін диалогтер құрылымында жауап үнқатымдары толымсыз. Алдымен, әдеттегідей, диалог басталмай тұрып, оның қатысушылары туралы мәлімет келтіріледі:

Bir kün Isfedak qorğanıda jam'fiċkilä-misl-i Dost Näšir, Noyan Kukáldas, Xan-Qult Karimdad, Sayx-Darves, Xusraw Kukaldas, Mirim Näsir...bari hadir edilir, Mening qadimda olturup edilär. Har tarafdın söz ötädür edi. Dedim kim «Keling ayting, kim Tengri rast keltürsä Samarqandni qaċan alğay biz?» Ba'zi dedilar kim «Yazğa alğay biz». Ol mahall keċ küz edi [3, 168]. Қаз.: Бір күні Исфидүк қамалына тонның ішкі бауындай жақын бектер: Дүст Насыр, Ноян Көкелтас, Хан Күли, Кәрім Даданың ұлы шейх Дәруиш, Хұсрау Көкелтас, Мірім Насыр жиналды.

Олармен әр түрлі мәселеден әңгіме құрдық. Сонда мен: «Сіздер не дейсіздер, біз Тәңірдің қолдауымен Самарқандты қашан аламыз?» дедім. Кейбіреулер: «Жазда аламыз», – деді. Ол кезде суық күз еді [8, 104].

Бірінші сұхбаттасушының сөздерінде толыққанды сөйлем мүшелері қатысып тұр. Ал оған жауап ретіндегі үнқатымдары – толымсыз сөйлемдер. Демек, әңгімелесушінің сұрағында және сұхбаттасушының жауаптарында белгілі синтаксистік параллелизм бар. Келесі мысалда сөйлеушінің сұрағына жауап сұрақ түрінде беріледі. Яғни жауап «қайсы» деген сұрау есімдігі қатысқан анықтаушы сұрақтан тұрады:

Dağı dedi kim «Bu sözlärni unutung». Mirza fi'l-hal ayttı kim «**Qaysı sözlärni?**» Ali-Ser Beg bisyär muta'assir bolup kör uıǵladı [3, 83]. **Қаз.:** Әлішер бек Мырзаның құлағына сыбырлап: «Бұл сөзімді ұмыт», – депті. Мырза сол сәтте: «Қайсы сөздерді?» - депті. Мырзаның сөзіне қайран қалып, Алишер бек көп жылады.

2. Автордың жазбасында жалғаулықтарсыз салалас құрмалас сөйлем құрамында толымсыз сөйлемдер жиі қолданылады. Яғни салаластың құрмалас сөйлемнің екінші бөлігінде, әдетте, баяндауыш мүше түсіп қалады, сонда алдыңғы бөліктегі етістік осы екі сөйлемге қатысты ортақ мүше болады [7, 61]: Samarqand muyassar bolsa bir mirzā Samarqandta olturǵay, yana bir mirzā Hişārda [3, 115]. **Қаз.:**Егер Құдай (бізге) Самарқанд берсе, біреуіміз Самарқандқа отырсын, ал екіншіміз – Хисарға. Ba'zi majlisda Sayxu'l-Islām Qādi Ixtiyār uoqqari olturur edi, ba'zi majlisda bu [3, 373]. Кейбір жиналыстарда Сайхул-Ислам Қади Ихтияр жоғары отырды, кейбір жиналыстарда – бұл (жерде отырды).

Ал бұл мысалда екі мүше – пысықтауыш пен баяндауыш түсіп қалған. Демек, жоғарыда келтірілген мысалдардың әрқайсысының екінші бөлігінде баяндауыш кездеспейді, тек алғашқы бөлігіндегі баяндауыш екі бөлікке де ортақ боп келеді.

3. Бабырнама мәтінінде географиялық сипаттамаларда (мысалы, Ферғана, Үндістан жерінің туралы сипаттамалар), атап айтқанда, Үндістанның нақты фаунасы мен флорасына қатысты көптеген сөйлемдерде баяндауыш формасы күрделі есімді баяндауышпен беріледі [7, 62]. Мәселен: Aşlıǵ vāfir, mevāsī farāvān, qavun üzümü uaxsı bolur [3, 3]. **Қаз.:** Мұнда [Әндіжаңда] астық та, жеміс те, молшылық, қауын мен жүзім де жақсы болады.

Яғни берілген мысалдағы сөйлем – бірыңғай мүшелері бар толымсыз жай сөйлем және мұнда «жақсы болады» – күрделі баяндауыш.

«Бабырнама» шығармасының синтаксистік құрылымындағы кейбір ерекшеліктерді бақылай келе, мұндағы жай сөйлемдердің ерекшелігіне тоқталуды жөн көрдік. Себебі аталмыш қолжазбада саны жағынан қазіргі қазақ тіліндегі салалас пен сабақтас құрмалас сөйлемдерге қарағанда жай сөйлемдердің қолданысы көбірек. Атап айтқанда, жай сөйлемнің жақты/жақсыз, жалаң/жайылма, толымды және толымсыз түрлері кездеседі.

Мәселен, «Бабырнама» туындысы автор Бабырдың мынадай сөйлемінен басталады:

Ramadân ayi tarix-i sekiz yüz toqsan toquzda Farğana vilâyanda on iki yašta râdişâh boldum [3, 3]. **Қаз.:** Сегіз жүз тоқсаныншы жылдың рамазан айында он екі жасқа қараған шағымда Ферғана уәлаятының билеушісі болдым.

Берілген жай сөйлем – жақты, жайылма, толымды. Яғни сөйлем мүшелерінің барлығы қатысқан. Бірыңғай мүшелі түрлі мазмұндағы жай сөйлемдер де «Бабырнамада» жеткілікті. Мәселен:

1. Oşbu hâlatta sekiz kişi qalıp édük, Dost Nāşir, Qambar-'Ali-i Qāsim Beg, Xan-Quli Buyan-Quli, Mirzā-Quli Kukāldaş, Şahım Nāşir, 'Abdul-Quddus Sidi Qara, Xwāja Husayni, sekizinci men edim [3, 233]. Бұл сөйлемде автор өзін қосқанда осы сәтте 8 кісі екенін айтып, қалған 7 адамның аттарын атап өтеді.

2. Golda mening ong qolumda Qāsim Kükāldaş, Xusraw Küküldaş, Sulţān Muhammad Dulday, Sāh Mahmud Par«v»ānaçi, Qul-Bāyazid Bökävül, Kamal Sarbatçi. Sol qolumda Xwaja Muhammad Ali, Dost Nāşir, Mirim Nāşir, Bābā Şerzā «d», Xan-Quli, Vali Xizānaçi, Qutlugqadam* Qaravul, Maqsud Suçi, Bābā Sayx [3, 443]. **Қаз.:** Менің оң қолымда – Қасым Көкситас, Хусрау Көкелтас, Султан Мұхаммед Дұлдай, Шаһ. Махмут паруанашы, күл Баязид бақауыл, Камал Шарбатшы, сол қолымда – Қожа Мұхаммед Әли Дұст Насыр, Мірім Насыр, Баба Ширзад, Хан Күли, Уәли Қазынашы, Құтлық Қадам қарауыл, Мақсұт сушы және Баба Шейх болды [8, 244].

Географиялық сипаттау мәтіндерінде таулар мен өзен-көлдер, қыраттар мен жоталар, елді-мекен мен бау-бақшалар жиі кездеседі. Соның ішінде келесі мысалда өзен атаулары бірыңғай толықтауыш мүше ретінде келтіріледі:

3. Bu alti daryādın özgä daryalar, misl-i Jawn va Gang va Rapt va Gümti «va» Gaggar va Sarū va Gandak va yana qalın daryālar dur kim barı Gang daryāsığa qatılıp Gang oq atanur [3, 582]. **Қаз.:** Үндістанда осы алтыдан басқа өзендер бар, мысалы, Джунг, Канг, Рахаб, Хумти, Гагар, Сиру, Гандак және тағы басқалар Ганг өзеніне құйылатын және Ганг деп аталатын көптеген үлкен өзендер бар.

Келесі мысалдан жай сөйлемнің толымсыз түрін көре аламыз: Samarqand şahrı 'ajab āğāsta şahrı dur [3, 97]. **Қаз.:** Самарқанд – ғажайып гүлдендірілген қала.

Төл сөздің құрамында кездесетін жақсыз сөйлем: «Yürlimäk kerak» [3, 181]. **Қаз.:** Кетуіміз керек.

«Бабырнамада» көмекші етістіктер негізгі етістікпен бірге жазылып берілген. Яғни *tugur* көмекші етістіктің *-tur* түріндегі формасы негізгі етістікпен бірге жүреді. Мәселен: ..bizdin bexabar çerigläp kelip Bārān vaqasida **olturuptur** [3, 257]. **Қаз.:** Баран өзенінің жағасында тұрғанын білдік. Бір yanı тағning dämanası vāqi' **boluptur** [5, 261]. **Қаз.:** Ол барлық жағынан таулармен қоршалып тұр.

Қазіргі қазақ тілінде «түр» қалып етістігі негізгі етістікпен тіркесіп бөлек жазылады. Ә.Бахадүрдің «Түрік шежіресінде» де «түр» көмекші етістігі бөлек

жазылады, бірақ «түрүр» формасында беріледі. Мысалы: Иігірма нұсха бітіб түрүр [9, 223].

Бабыр барлық оқиғалар мен жағдаяттарды егжей-тегжейлі сипаттап-суреттеу үшін немесе қысқа қайыру үшін қарапайым сөйлемдерді қолданады. «Бабырнамадағы» сөйлемдер көп жағдайда жай және құрмалас сөйлемдерге ажыратылмаған. Яғни күрделі ойлар бірнеше жай сөйлемдермен құралып, бағыныңқы етістіктен кейін үтірсіз немесе қысқа-қысқа жаңа сөйлемдермен жазылып ажыратылады. Ең басты ерекшелігі баяндау форматындағы автордың автобиографиялық элементі бар жазба мұра болғандықтан сөйлемдердің көпшілігі бірінші жақтан баяндалады және жай сөйлем түрғысынан бастауышы жасырын тұрған (біз, мен) жақты сөйлемдермен беріледі:

1. Boyandın yazdım. Adına küni auning yegirmä biridä Bādām Caşmağa tustuk [3, 517].

2. Qorğandqıların köz tuttuk [3, 417].

Оның үстіне үшінші жақтағы бастауышы (ол, олар) жасырын тұрған жай сөйлемдер де жиі ұшырасады. Мысалы: Kābulğa kelgändäöldi [3, 429]. **Қаз.:** Кабулға келгенде өлді. Özining va yana neça begunāh pādišāhzādaların olmākiga sabab boldı [3,45].**Қаз.:** Өзінің және бірнеше бейкүнә падишаһтардың өліміне себеп болды.

Атаулы сөйлемдер. «Бабырнаманың» үшінші бөлімінде автор Үндістанды сипаттай келе, атаулы, яғни тезис-анықтамалық түріндегі сөйлемдерді жиі қолданады. Сол сөйлемдерге байланысты автор жазбаларындағы ең жиі кездесетін есім сөйлемдердің зат есімді атаулы сөйлемдеріне мысал келтірейік.

Алғашқы зат есімді атаулы сөйлемдер бойынша автор лауазымы биік тұлға жөнінде немесе қала мен жергілікті мекен атауларына, жан-жануарлар мен құстарға сипаттама берілгенде, атаулы сөйлемдер жиі қолданылады. Мәселен, Сұлтан Ахмед Мырза туралы ақпарат берген кезде мынадай атаулы сөйлемдер көрсетілген:

Vilādat u nasabı. Дүниеге келуі мен шыққан тегі

Şakl u şamāyılı. Сырт келбеті

Axlāq u atvārı. Мінезі мен әдеті

Maşāfları . Соғыстары

Vilāyātı. Балалары

Awlādı. Иеліктері

Xavatın u sarārı. Әйелдері мен канизактары [3, 35-39]. Көріп тұрғанымыздай, барлығы зат есімді атаулы сөйлемдер. Сондай-ақ «Бабырнамадағы» атаулы сөйлемдерге тән ерекшелік – сол сөйлемдердің dur/tur сөзімен аяқталуында. Бұл көмекші етістік көп жағдайда зат есім мен сын есіммен тіркесіп келеді және қазіргі кездегі «бар» көмекші етістігінің қызметін

атқарады: Yana bir ördäk tur. Тағы бір үйрек бар. Yana bir koyal dur. Тағы бір қуил құс бар [3, 603].

«Бабырнаманың» мәтін ішіндегі сипаттау сөйлемдерінде де, соның ішінде жай да, салалас құрмалас сөйлемдерде де «еді» көмекші етістігі жиі жұмсалады. Жай сөйлем еді етістігімен аяқталса, салаластың алғашқы жай сөйлемі де, екінші жай сөйлемі де «еді»-мен аяқталады.

Ahmad Hāji Beg yaxsi topçaqlar saxlap minār **edi**. Bu topçaqlar aksar xānazādi **edi**. Agarçi mardāna kişi **edi**, sardarlıqı mardānalıqı dek emas edi. Berarva kişi **edi**. Is-küçini nökar-südüri sar u sāmān qılur **edi**[3, 43].

Жай сөйлемдердің бірыңғай «еді» көмекші етістігімен аяқталуы: Yana bir 'Abdul-Karim Afrit edi. Uyğur edi. Sulṭān-Ahmad Mirzā qaşıda eşik-aqa edi. Saxı u mardāna kişi edi [3, 45].

Бол етістігіне қалау райының **-ғай, -гей, -қай, -кей** жұрнақтары арқылы жасалған жай сөйлемдер қалау мәнде емес, етістіктің өткен шақ мәнін білдіреді, атап айтқанда қазіргі қазақ тіліндегі есімшенің ған/ген/қан/кен жұрнақтары мағынасында: Qorğandın daryā bir oq atım **bolğay**[3, 7]. (Сейхун өзені) қамалдан жебе (оқ) атым жерде болған. Бірақ қалау мәнінде де бірнеше рет кездеседі. ..kim Xwāja Mawlānā Qadi bolğay, bu naw xatlar kelip mundaq ihtimāmlar bilä tilägäylär, ne köngül bilä kişi **turğay**?[3, 109]. **Қаз.:** Маулана-и Қазиден жоғарыда айтылғандай зарлы да, жалынышты сәлем хаттар келіп, сай-сүйегімді сырқыратты. Мұндайда адам қалай шыдап тұра алады? [6, 76]. Бұл жерде -ғай жұрнағы сұраулы сөйлемде қалау мәнінде, ауыспалы келер шақ мәнінде жұмсалған. Neçä jihatdin mumkin emas edi kim alarga **berilğay** [3, 107]. **Қаз.:** Бірнеше себептерге байланысты оларға берілуі мүмкін емес еді. Берілген мысалды қарайтын болсақ, «беріл» жіңішке буынды етістікке жуан «ғай» жұрнағы жалғанып тұр. Яғни сол дәуірде сөздерге қосымша жалғанғанда сингорманизм заңы аса сақталмаған. Көптік жалғаулардың, қалау райының жұрнақтары т.б. тек жуан формасында қолданылуы сол заманда жазба тілдің нақты әдеби нормасының болмағанын білдіріп, Бабырдың сөйлемдеріндегі сөздерге тән құбылыс екенін атап өткен жөн.

«Бабырнама» тілінің тағы бір ерекшеліктерінің бірі – кейбір сөйлемдердің баяндауыштарының көптік жалғаумен аяқталуы. Яғни етістіктің көпше түрі негізгі етістікке (үндестік заңы сақталмаған, жіңішке буынды сөз болсын, жуан буынды сөз болсын) -лар жалғауы арқылы берілген. Xanlar Tambalning so[n]g]ča oq kelip Andijānning navahisiga **tuštilar** [3, 219]. **Қаз.:** Таңбалды өкешелеп келген хандар Әндіжанның қасына қос тікті [6, 129]. Xanni körgān zaman oq manga kirgan yerliini Kiçik Xanğa **berdilar**[3, 219]. **Қаз.:** Хан маған қараған жерлерді Кіші ханға беріпті. Dih kuja u diraxtān kujā? masalnu ğalibā Axsüçün **aytıpturlar** [3, 9]. **Қаз.:** «Ауылы қайсы, ағашы қайсы» деген мәтел Ахсикент туралы айтылған болу керек [8, 24]. Қазіргі қазақ тілінде -лар/-лер

формасы көпше түрде етістікке жалғанбайды. Көптік форма бастауыш арқылы анықталады. Мысалы: **Олар** осы жерге гүл екті.

Үндестік заңының сақталмауы – сол дәуірдің (XIV ғасыр соңы мен XV ғасыр 30 жылдарына дейін) сөйлеу стиліне тән құбылыс және бұл авторлық биографиялық сипаттағы шығарма болғандықтан Бабырдың жазу стиліне, мәтін түзу дағдысына байланысты боп келеді. Себебі Әбілғазы Бахадүрдің «Түркі шежіресінде» (1665 ж.) көптік жалғауының -лар/-лер формасы үндестік заңына бағынып жазылған, бұл Бабырдың заманынан бір ғасырдан кейінгі кезеңде әдеби жазба стилінің қалыптаса бастағанын және автордың сингорманизм заңына бағынғанын аңғаруға болады.: «Түркі шежіресі»: Ерсары бірлән Хорасан Салуры аралаш олтүрүб ерділер. **Қаз.:** Ерсарымен Хорасандағы Салүр (жұрты) аралас отыр еді [8, 36].

Ал Сайф Сараидың «Гулистан бит-турки» жазба мұрасында үндестік заңына бірде бағынған, бірде бағынбаған тұстары кездеседі. Мәселен, 1. bu sözni vezirden sultan nedimleri işitip vezir bilen bir bolup sultanga medh ve du'a **kıldılar**[10 12]. 2. aning bocadaş-ları hased iltip töhmet itip sultan hidmatında қанна tanuқluқ**birdi-ler** [10,15].

Мәтін ішіндегі сөйлемдерде көпше формалы баяндауыштардың қатар келуі де жиі байқалады. Яғни бірінен соң бірі жалғасып кетеді. Bes-altı ming kişi Ibrahimning yaқınıda bir yerdä oқ qatlğa **yetiptürlar**. Ozga har yerda Elginläрни bu ma'rika on beş-on altı ming taxmin qılır **edük** [3, 571].

Тағы бір ерекшелік – мәтін ішіндегі бинарлық қарама-қарсылық сөйлемдердің ұшырасуы. Атап айтқанда, сипатта мәтін құрамында «болар/болмас» етістіктері арқылы қатар келген сөйлемдер көрініс тапқан. Мысалы Бұхараны сипаттай келе, автор мынадай сөйлемдер келтіреді: Qavuni bisyar yaxsi **bolur**. Māvarānahrda Buxärä qavuniča köp va хüb qavun **bolmas**. Agardi Fargāna vilayatıdın Axsining bir naw qavuni kim Mirtimüri derlär muning qavunıdın şucükraқ va nazukraқ **bolur**, vali Buxārāda harjins qavundin köp bolur, yaxşi **bolur**. Yana ālü-yi Buxäri maşhür dur. Buxärä alūsı dek ālü heç yerda **bolmas**[3, 99].**Қаз.:** Қауыны дәмді болады. Мауараннахрда Бұхараның қауынындай тәтті қауын ұшырасқан емес. Фергана аймағында, Ахсикентте қауынның Мір Темір деп аталатын түрі бар, бұл Бұхара қауынынан тәтті де, жұмсақ болады, дегенмен, қауынның түрі де көп, әрі дәмді болады. Бұл жердің алхорысындай дәмді алхоры өзге жерде ұшыраспайды [8, 71].

Бабыр жай сөйлемнің құрамындағы сөздерді байланыстыру үшін шылауларды, атап айтқанда жалғаулықтарды қолданады.Шарттық жалғаулықтар: Kābuldin bir күnde andaқ yerge barsa bolur kim hargiz qar yaғmas. İki sā'at-i nuјūmida andaқ yergä barsa bolur kim hargiz qarı öksümäs, magar ahyānan andaқ yaz kelgäy kim qar qalmaғay [3, 266].Кабулдан шығып бір күн жол жүрсе, өмірі қар түспейтін алқапқа баруға болады. Екі сағат түнеп барса, өмірбақи қары азаймайтын жерге жетесіз, дегенмен кейде жазда қар

болмайды. Qışlar har qaçan balıq kerak bolsa bu duqurlarning birini aşıp qırq-ellig balıq bir zamanda keltürürlar [3, 297]. **Қаз.:** Қыстың күні балық керек болғанда бұл шұңқырдың бірін ашса, қыры-елу балық ұстайды.

«Және» жалғаулық шылауының бір сөйлемде бірнеше рет қолданылуы қолжазбада өе жиі кездеседі. Яғни автор «va» (және): Özgā va atqa ašliğ va xas tarılmas edi. Kentlär muğayarat u munāfarat jihatidin yağlıqqa va oğurluqqa va rahzanlıqqa yüz qoyup edilär [3, 633].

Ғалым А.Иыкылмаз «Бабырнамадағы» зат есім-етістік тәуелді сөйлемдердің қолданылуы мен темпоралдық функциялары туралы» мақаласында -ғас, -gali, - gunça, -(x)p, -a/-y, -may формаларымен жасалған етістіктердің қызметін анықтайды [11, 1244]. Басқаша айтқанда, адвербаға және етістікке тәуелді сөйлемдер негізгі сөйлемнің мағынасын әртүрлі жолдармен толықтырады, мысалы, уақыт, жанр, себеп, мақсат және т.б. Демек, «Бабырнамада» автор өз сөйлемдерін мезгілдік, себеп, мақсат мәнде түзе біледі: 1. Bu **xabarlar kélgeç** Andican üstige atlanduq [3, 215]. **Қаз.:** Бұл хабарлар келгенше Әндіжанның үстіне аттандық.

Бұл жерде мезгіл-уақытты білдіретін -geç етістік формасы – қазақ тіліндегі мезгіл көсемшенің -ғанша/-генше жұрнақтарымен сәйкес келеді. 2. **Oyғанғunça** aš bışurup bir kuza çağıр qılıptur [3, 529]. (Біз) ояңғанша ол тамақ пісіріп, шарап дайындады.

Жоғарыдағыларды түйіндей келе, Бабырдың жазушылық шеберлігі «Бабырнама» мәтінінен айқын көрінеді. Тілдік талдау арқылы әртүрлі құрылымды сөйлемдер мен конструкцияларды, жер-су, елді-мекендер және жан-жануарлар мен құстарды әңгімелейтін сипаттау мәтіндерді, сөйлем мүшесі болатын сөздердің формалық және қызметтік сипатын анықтауға мүмкіндік берді.

Төл сөздер. Төл сөз құрылымына қарай автор сөзі және кейіпкердің сөзі деп екіге бөлінеді. Автордың сөзі – төл сөзге тікелей қатысты сөйлеу етістігі бар құрылым (айту, сұрау және т.б.). Яғни автор төл сөздің алдында түсіндірме немесе анықтаушы сөйлем келтіреді. Автор сөздерінде егер сөйлеу етістігімен бірге жүретін етістіктер – есте сақтау, ренжіту және т.б. болса, сөйлеу етістігі болмауы мүмкін. Автордың төл сөздегі атқаратын рөлі оның бұл сөздердің кімге, қандай адамға қатысты екендігін көрсететіндігімен шектеледі. Автор сөздері басқа кейіпкер сөздерінің алдында (төл сөздің алдында), кейіпкер сөздерінен кейін (төл сөзден кейін) және кейіпкер сөздерінің ішінде (төл сөз ішінде) орналасуы мүмкін. Кейіпкерлердің сөздері – бұл төл сөздер. Автордың сөздері мен кейіпкердің сөздері шынайы өмірде интонация арқылы, ал хатта – қос нүкте, сызықша және тырнақша арқылы айқын ажыратылады.

Ғалым Элиза Лувьоның зерттеу еңбегінде төл сөзге қатысты ой былай беріледі: «Бут ешқашан өз оқырмандарына шынымен объективті болып көрінбеуі мүмкін: Ол қаншалықты жеке тұлға болуға тырысса да, оның

оқырманы сөзсіз осылай жазатын ресми хатшының бейнесін жасайды және бұл ресми хатшы ешқашан барлық құндылықтарға бейтарап болмайды, автор қаншалықты шынайы болса да, оның әр алуан жұмыстары әртүрлі нұсқаларды, нормалардың әртүрлі тамаша үйлесімдерін білдіреді. Жеке хаттар әр корреспондентпен әртүрлі қарым-қатынасқа түседі және әр хаттың мақсатына байланысты болады» [12, 102]. Бұл пікірде ғалым төл сөз ішіндегі үйлесімдік, мазмұндық сипат және автор мен оқырман арасындағы байланыс жөнінде сөз етеді. Оның үстіне ғалым Э. Лувьо төл сөздің мазмұндық көрінісі мен коммуникативтік қызметіне орай мынадай мәселелерді қамтиды.

Архетиптік субъектілік. Төл сөз, әдетте, дискурсивті түрде тұжырымдалады, сондықтан субъективтілік пен интерсубъективті маркерлерге толы болады. Бұл тараушада автор кейбір маңызды маркерлер (интерсубъективті), атап айтқанда, аксиологиялық терминдер, тұлғаларға сілтемелер және прагматикалық маркерлерді қарастырады [12, 127].

Аксиологиялық терминдер – бұл бағалау пікірін білдіретін сөздер (көбінесе зат есімдер мен сын есімдер). Біздің зерттеу мәтінімізде осы аксиологиялық терминдер өзіндік қызмет атқарады. Себебі «Бабырнамада» Бабыр мәтінін түзгенде, әсіресе, жер-су, қоршаған орта, белгілі бір заттар мен адамдарды сипаттағанда зат есімдер мен сын есімдерді өте ұтымды қолданады.

Мәтіндік дауыс және жеке көзқарас мәселесі. Тікелей сөйлеу мен шынайы сөйлеу арасындағы жалпы шатасушылық мәтіндерді түсіндіру үшін ауыр зардаптарға әкеледі. Осындай салдардың бірі – тікелей сөйлеу табиғи түрде баяндаушының дауыстарынан басқа дауыстарды ұсынуға қызмет етеді деген сенім. Шындығында, шындықтан ештеңе алыс болуы мүмкін емес. Әрине, кейбір мәтіндік дәстүрлерде жеке кейіпкерлердің дауыстары бір-бірінен және баяндаушының дауысынан күрт ерекшеленеді: автор әр дауысқа өзінің ерекше тұлғасын беру үшін қайталанатын сөз тіркестерін немесе әртүрлі регистрлерді және тіпті әртүрлі диалект формаларын қолданады [12, 174]. «Бабырнамадағы» кейіпкер дауысы автор баяндап отырған тарихи оқиға қатысушы тұлғалармен айқындалады. Яғни оларға хан, шейх, мырза, жауынгер, қолбасшы, бектер т.б. жатады.

Бабыр «Бабырнамада» болған оқиғалар желісін әңгімелегенде шынайы сол сәттегі іс-әрекетті жеткізу үшін диалогтік тәсіл арқылы төл сөздерді қолданған. Яғни автор ретінде төл сөзге кіріспе беріп, содан кейін кейіпкер сөзін, яғни сөйлеушінің сөзін келтірген. «Бабырнамада» көп жағдайда автор сөзі Бабырдың өзі болғандықтан ол тікелей қатысып, адресант пен адресат арасындағы байланысты орнатады. Сондай-ақ төл сөздердегі автор сөзін жазушы да өзі, айтушы да, яғни сөйлеушінің сөзін де өзі сөйлете жеткізе білген Бабырдың бұл қолжазбасындағы сөздердің қолданылуы осындай сипатымен ерекшеленеді. Төл сөзге қатысушылардың мінез-құлқы, көңіл-күйі мен хал-

жағдайы олардың сөздері, сұрақ-жауап түріндегі сөйлемдері арқылы танылады.

«Бабырнама» мәтініндегі төл сөздердегі бірінші ерекшелік – автордың *kim* сөзін қолдануы. Яғни автор сөзі ретінде етістікпен тіркесе келе, төл сөздің – сөйлеуші сөздерінің алдында беріледі. Екіншісі – «деді, айтты т.б.» қимыл-әрекетті білдіретін автор сөзінің төл сөздің алдында келуі. Мәселен: *Axir mundaq sargardānliqtin va bu nawbexānumanliqtin jānga* yettim. Dedimkim* «Mundaq dušvärliq bila tirilgüncü baş alıp itsām yaxsı, bu naw' xwārliq va zarlıq bila el bilgünča ayaqım yetkinča ketslim yaxsı» [3, 205]. **Қаз.:** Ақырында үйсіз-күйсіз мына сенделіп жүрісімнен әбден қажыдым, жүйкем жұқарды. «Осылай жұртқа кезтүрткі болып, бас иіп қорланғанша, бас ауған жаққа, көз көрмес, құлақ естімес жерге кеткен жөн болар», - деген ойға келдім [8, 122]. Салыстырмалы түрде «Гулистан бит-турки» қолжазбасындағы төл сөздерде де сондай құрылым көрініс тапқан:

Sultan **sordi kim** ol ölümli kişi ni
aytur vezirlerden bir 'aқil vezir aytı sultan
yaşı uzun bolsun bu miskin aytu [9, 9].

Бабыр әрдайым төл сөздің алдындағы шағын түсіндіруге ерекше көңіл бөледі. Яғни төл сөздің мазмұны түсінікті болу үшін кіріспені ұғынықты етіп береді. *Bir axşam çārbāğda divānхānada olturup edim kim keč namāz-i xuftanda yandın Mūsā Xwāja yana bir kişi bilä ildam kelip qulaqımға aytı kim* «Muğullar tahqiq yaғıqmaқči boldılar. 'AbdulRazzaq Mirzāni özlariga qoşarnı tahqiq bilmädük. Bularning ham oşbu axşam yaғıquri jazm emäs edi» [3, 459]. **Қаз.:** Бір кеште мен шарбақта, диванханада отырдым. Түнде, ұйқыға дейін дұға ету кезінде Мұса Қожа мен тағы бір адам тез жақындап, құлағыма: «Моғолдар шынымен бүлік шығаруды ұйғарды. Олар Абд-ар-Раззак мырзаны өз жағына тарта алды ма, жоқ па, білмедік; олар бүгін түнде көтеріліс болады ма, жоқ па деп әлі шешкен жоқ».

Бұл жерде оқиға алдындағы іс-әрекет пен мезгілді кіріспе сөйлеммен бастау алып, төл сөзбен ұласады. Келесі мысалда автор нақты жағдайдың орын алған күнді, мезгілді кіріспе арқылы келтіріп, кейіннен сөйлеушінің сөзін жеткізеді:

Sišamba kuni auning on toquzıda tüş qaytla Xwāja Siyārān sayrıға atlanıldılar. Bu kün roza edim. Yunus 'Ali «va» alar ta'ajjub qılıp dedilär kim «Sisamba kuni va siz va roza? Bu ğarīb tur». Bihzādға kelip qādīsining uyıға tüşüldi. Kečäsi suhbat angezi boldi. Qādi 'ardға yetkürdi kim «Mening üyümdä mundaqlar bolğan emäs. Pādišāh hākim durlar» [3, 499]. **Қаз.:** Сейсенбі, он тоғызыншы күні, түстен кейін біз Қожа Се-Яранға қарай бет алдық. Бұл күні мен ораза ұстадым. Юнус Али және басқалар таңдана: «Сейсенбі, серуендеу және ораза? Бұл таңқаларлық!». Бехзадиге келіп, біз жергілікті казийдің үйінде тоқтадық. Кешке

біз тойға дайындала бастадық, бірақ казий: «Менің үйімде мұндай заттар болған жоқ. [Алайда] егемендік мұнда толық күшке ие» [13].

Төл сөздің бұйрық рай формасындағы сөйлеммен берілуі де «Бабырнамада» жиі ұшырасады: *Özüm bilä yüz šāhruxi alıp barip edim. Turdi Begga berdim. Dedim kim «Сағир ва аsbāb tayar qılğıl»*. Қаз.: Кетіп бара жатып, мен жүз шахрухты өзіммен бірге алдым; Тұрды бекке бердім де: «Шарап пен қажеттінің бәрін жаса», - дедім. Аталмыш төл сөздің құрылымында автор белгілі бір оқиғаға байланысты Тұрды бекке өзінің бұйыра сөйлеп, тапсырма беріп тұр. Яғни бұл сөйлемнен автордың бекке қарағанда жоғары лауазымды екенін байқауға болады.

Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресіндегі» бұйрық райлы төл сөз: Ұғланларыға айтды кім зинһар бір-біріңізден дүние масалахаты үчүн азарде болмаң [8, 24]. Ұлдарына айтты: «Сақ болыңдар, дүние байлығы үшін бір-бірінмен араздаспаңдар!». Бұл жерде екінші жақтағы бұйрық рай етістігі көпше түрдегі -дар жалғауынсыз берілген. Қазіргі формада болмаңдар түрінде айтылады. Сол дәуірдің сөйлеу стиліне тән ерекшелігіне осы бұйрық райлы етістіктің көпше жалғауының түсіп қалуын атауға болады.

Келесі мәтінде төл сөз ақпарат беру, сұраққа жауап қайтару ретімен ұсынылады: *..biri bu kim nökarları ayrılған jihātıdın anga köngül berilädür edi. Muqābalada mundaq dedi kim «Bu nökar tört qatla oşmundaq mendin ayrılıptur, yana keliptür»*. Yana biri bu kim inisi Valini sordum kim ol qačan kelgusidür, Amū Daryāsıdın qaysı guzar bilä ötküsidür. Dedi kim «Agar guzar tapılsa xud bat kelgusidür, vali guzarlar su ulğayğaç tağyir tapar. Ol masal bar kim'an guzarrā āb burd». Aning dawlatining va nökarining intiqālıda bu harfni aning tiliga Tengri saldı [3, 254]. Қаз.: Алғашқысы нөкерлерін тастап кеткеніне сөз айтқанымда, ол: «Бұл нөкерлер осылайша төрт рет кетіп, қайта оралған» - деді. Екіншісі оның кенже інісі Уәлидің жағдайы еді. Оның қашан келітінің, Әмударияның қай жерінен өтетінін сұрадым. Хұсрау шаһ былап жауап қайырды: «Егер өткел табылса, ол көп кешікпейді, су тасыған кезде өткел өзгереді. Өткелді су алып кетті деген содан айтылса керек». Қолынан билік кетіп, нөкерлерінен айырылып қалған кезде, Құдай (Тәңірі) аузына осындай сөз салды [8,147].

Жоғарыдағы мысалдан көріп отқанымыздай, автор өзінің сұрағына жауап қайтарған тұлғалардың сөздерің келтіріп, мәтін ішіндегі байланысты жүйелі түрде жеткізеді. Яғни мәтіндегі ақпарат шашыраңқы емес, логикалық байланысқа түсіп автордың кіріспесімен, сөйлеушілердің төл сөздерімен дәйектеліп, соңында автордың түйіндеуімен аяқталады.

Ahmad Yusuf Beg idtirāblar qılıp har zaman aytadur kim «Yalangaç mundaq kirip barasız? İki-üç oqnı kördüm kim başingizdın ötti». Men dedim kim «Siz mardāna bolung! Mening basimdin mundaqlar xaylı ötüptür» [3, 46]. Қаз.: Ахмед Юсуф бек уайымдап: «Сіз мүлдем ашық жүріп бара жатырсыз. Мен сіздің басыңыздан екі-үш жебенің ұшқанын көрдім». Мен оған: «Батыл бол! Осындай

жебелердің талайы басымнан ұшқан»[13], - дедім. Бұл мысалдағы төл сөздердің алғашқы компоненті эмоционалды тұрғыдан алаңдау, қорқуды білдірсе, жауап ретіндегі үнқатым оған қарама-қарсы сезімде қорықпауға, батыл болуға үндейді.

Төл сөздердің қолданысын талдай келе, авторлық мәтін түзудегі ерекшеліктерді көрсетуге болады: автор тарапынан мәтіннің алғашқы сөйлемі кіріспеден, яғни шағын түсіндіру сөйлемінен басталады, оқиғаға қатысушы тұлғалардың іс-әрекеттері мен жағдайын жеткізуде адами және тарихи факторлар ескеріледі, мінез-құлқы мен сезім көріністері сөйлеушілердің сөздерінен айқын көрінеді, сұрақ-жауап түріндегі құрылымдар мәтіннің мазмұнын ашады.

Нәтижелер. Орта ғасырлық тарихи жазбаларды ғылыми кеңістікте қарастыру арқылы халықтың, ұлттың өмір сүру кезеңі мен дәстүрін, дәуірлік дамуын, ауызша және жазбаша түрдегі тілдік ерешелігін, сөйлеу стилін, мәдени ерекшелігін, білім-ғылым бағытындағы өркениеттілігін танып білу өте маңызды. Мақаланы жазу барысында «Бабырнама» қолжазбасының синтаксистік жағынан зерттелуі тілдік бағытта ғана емес, тарихи-мәдени сипат тұрғысынан да өзекті екенін байқадық.

Зерттеліп отырған «Бабырнамадағы» жай сөйлемдер мен төл сөздердің қолданысын талдап, саралай келе мынадай нәтижелерге қол жеткіздік:

- Жай сөйлем құрылымы қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлеммен бірдей. Тек жай сөйлем мүшелері болатын сөздердегі жалғау-жұрнақ пен көмекші етістіктер қолданысы өзгеше. Яғни жай сөйлемге қатысушы сөйлем мүшелерінің кейбірінің түсіп қалуы, ортақ баяндауыштың болуы, бірыңғай мүшелердің сипаты т.б.

- Автор сипаттау мәтінінде атаулы сөйлемдерді өте көп қолданады. Олар атақты тұлғаларға қатысты ақпарат бергенде, географиялық атауларды суреттегенде жиі кездеседі.

- Төл сөздерде «деді, айтты т.б.» деген іс-әрекетті білдіретін автордың сөзі сөйлеуші сөзінен кейін емес, алдында тұрады. Сөйлеуші сөздерінің алдында автор сөзінің сөйлеуші тұлғаға қатысты қазіргі кім есімдігін қолданады, нақтылап айтқанда, етістік + кім (dedim кім) түрінде көрініс тапқан.

- «Бабырнама» қолжазбасы автор-бақылаушы элементтерін иеленіп, автор-жазушы формасында баяндалады.

- Мәтіндегі эмоционалдылықты, оқиға желісінің сол сәттегі күй-жағдайын дәлме-дәл жеткізу үшін бұйрық райлы төл сөздер жұмсалады. Яғни автор мен сөйлеуші тұлға немесе диалогке түсуші басқа да сөйлеушілер арасындағы үнқатымдар «Бабырнамада» өте ұтымды жеткізіледі.

- Әрбір сөйлем семантикалық, әрі құрылымы жағынан айрықша болумен қатар, мәтін ішіндегі сөйлемдер арасындағы байласым да автордың баяндау тәсіліне байланысты.

Қорытынды. XV-XVI ғасырларға тиесілі – «Бабырнама» қолжазбасының құндылығы ХХІ ғасырдың 20 жылдары да филолог, тарихшы ғалымдардың ғылыми зерттеулері үшін өзекті болып келеді. Зерттеу барысында дереккөз ретінде «Бабырнаманың» латын графикасындағы транскрипциясы және жолма-жол аудармасы қолданылды. Жазба мұраға тілдік, мәтіндік және әдеби талдау жасалды.

Бұл тарихи-әдеби жәдігер арқылы жинақталған мысалдар негізінде жай сөйлемдер мен төл сөздердің ерекшеліктері анықталып, әрбір келтірілген сөйлемдер тілдік талдауға түсті. Яғни, сол дәуірде автор жазған мәтіндегі жай сөйлем құрылымы, түрлері, сөйлем ішіндегі сөздердің байланысу тәсілдері, орналасу тәртібі, сөйлемдер арасындағы мазмұндық байланыс және төл сөздер құрамындағы автор сөзі мен кейіпкер сөзінің функционалдық, әрі мағыналық жағынан байласымы, жеткізер ақпараттың мәнін ашудағы атқаратын қызметі анықталды. Бабыр жазбасында қолданылатын сөйлемдер ерекшелігін анықтай отырып, олардың құрылымы мен сипаты бойынша мәтіннен мысалдар берілді. Сонымен қатар салыстырмалы түрде төл сөздердің құрылымдық ерекшелігін талдағанда Әбілғазы Бахадүрдің «Түрік шежіресіндегі» сөйлемдермен ұқсастықтары мысалға ұсынылды.

«Бабырнама» жазба мұрасының тілдік тұрғыдан, атап айтқанда синтаксистік, тарихи-тілдік жағынан зерделеп талдау қазақ тілі біліміне ғана емес, барша түркі тілдес халықтардың лингвистикалық қорына үлкен үлес қосатыны анық және бұл – одан әрі кең ауқымды зерттеулерді қажет ететін тақырыптардың бірі.

Әдебиеттер

1. Abdykadyrova, S., Kalygulova, S., Belekova, K., Sagyndykova, R., Zheenbekova, G., Ismailova, A., Osmonbacva, Z., Pazilova, S., Nazarova, M., & Abdullaeva, Z. (2021). Reflection of Intercultural Concepts in the Work "Baburnama". *Open Journal of Modern Linguistics*, 11, 140-148. DOI:[10.4236/ojml.2021.112012](https://doi.org/10.4236/ojml.2021.112012)
2. Щербак А. М. Грамматика староузбекского языка. – Ленинград: Академии Наук СССР, 1962. – 274 с.
3. Thackston W.M. Jr. *Baburnama: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation*. [Cambridge, Mass.]: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 902 p.
4. Şen M. Gazi Zahirüddin Muhammed Bâbur, *Bâburname I Giriş-Metin (Kâbil ve Hindistan Bölümleri)* – Açıklamalı Dizin. İstanbul: Marmara Üniversitesi, 1993. – 318 b.
5. Байтанасова Қ. Мәтін теориясының кейбір мәселелері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – 4 (129). – 24-31 бб.

6. Тұяқбаев Ө.О. Хан жарлықтарындағы қыпшақ тілі ерекшеліктері. URL:<https://gylymordasy.kz/kaz/%D1%85%D0%B0%D0%BD-%D0%B6%D0%B0%D1%80%D0%BB%D1%8B%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%80%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D2%9B%D1%8B%D0%BF%D1%88%D1%8B%D2%9B-%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96-%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BA/>(Қаралған уақыты: 17.03.2023)
7. Благова Г.Ф. «Приметы разговорного синтаксиса и их стилистические функции в «Бабур-наме»// 90 лет Н.А. Баскакову. – М.: Наука, 1996. – С.60-67.
8. Қожабекұлы Б. Бабырнама. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.
9. Мамырбекова Г.М., Сейтбекова А.А. Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. – Алматы: Фирма Орнак, 2013. – 480 б.
10. Karamanlioğlu, A. F. Seyf-i Sarâyî, Gülistan tercümesi (Kitâb Gülistan bi't-Türkî). İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1978. – 436 б.
11. Yıkılmaz A. Bâbürnâme'de aslî zarf-fiillerin kullanımı ve zaman işlevleri üzerine // Electronic Turkish Studies. Summer 2015. – Vol. 10. – p. 1243-1260.
12. Louviot E. Direct Speech in Beowulf and Other Old English Narrative Poems. –Woodbridge: D.S. Brewer, 2016. – 294 p.
13. Захир ад-Дин Мухаммед Бабур Бабур-Наме. События года девятьсот десятого. «Восточная Литература». Средневековые исторические источники Востока и Запада. URL: <https://www.vostlit.info/>(Қаралған уақыты: 11.02.2023)

К.К. КЕНЖАЛИН, А.А. ДАНИЯР

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан

УПОТРЕБЛЕНИЕ ПРОСТЫХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ И ПРЯМОЙ РЕЧИ В «БАБУР-НАМЕ»

Аннотация. В рукописи «Бабур-наме», известной для многих тюркских народов, являющейся образцом мемуарного жанра, приводятся все основные сведения о достопримечательностях, которые видел сам автор. Захир ад Дин Мухаммед Бабур, жизнь которого была связана с военными походами и завоеваниями, всячески пытался раскрыть свой жизненный путь в писательском наследии «Бабур-наме». В своей работе Бабур реалистично изобразил эпоху, а в тексте произведения использовал автобиографический подход.

Данная реликвия, наполненная важной информацией о Центральной Азии, Афганистане и Индии, содержит авторские размышления, научно-познавательные комментарии. С точки зрения автора текста каждой части

определяется тип изложения, структура общего текста может быть основана на системе введения, основной части, обобщения.

В данной статье учитываются грамматические и лексические элементы, говорится о том, что в «Бабур-наме» употребляются виды простых предложений. Все вышеперечисленное аргументируется языковым анализом. Приводятся примеры определённо-личных/неопределённо-личных, полных/неполных и назывных типов простых предложений, объясняются способы образования прямой речи и сопоставляются с употреблением ее в современном казахском языке, определяются форма и содержательный характер.

Ключевые слова: член предложения, текст, сюжетная линия, структура прямой речи, слова автора, речь действующего лица

K.K. KENZHALIN, A.A. DANIYAR

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE USE OF SIMPLE SENTENCES AND DIRECT SPEECH IN "BABURNAMA"

Abstract. The manuscript of "Baburnama", common to the Turkic peoples, which is an example of the memoir genre, provides all the basic information about the sights in which the author himself lived and traveled. Zahir ad Din Mohammed Babur, whose life was connected with military campaigns and conquests, tried in every way to reveal his life path, which has historical significance in the literary heritage of "Baburnama". In his work, Babur realistically depicted the lifestyle of that era, and in the text of the work he used an autobiographical approach through the replicas addressed to him.

This relic, filled with important information about Central Asia, Afghanistan and India, contains the author's reflections, scientific and educational comments. From the point of view of the author of the text of each part, the type of presentation is determined and the structure of the general text can be based on the system of introduction, main part, generalization.

In this article, taking into account grammatical and lexical elements, Baburnama describes the functions, usage and types of simple sentences and words used by the author, and is reasoned by language analysis. Examples of simple sentences of the Kazakh language such as zhakty/zhaksyz, tolymdy/tolymсыз and nominal sentence, the methods of formation of direct speech are explained and compared with the use in the modern Kazakh language, its form and content character are determined.

Keywords: sentence member, text, the storyline, structure of direct speech, author's word, actor's speech

References

1. Abdykadyrova, S., Kalygulova, S., Belekova, K., Sagyndykova, R., Zheenbekova, G., Ismailova, A., Osmonbacva, Z., Pazilova, S., Nazarova, M., & Abdullaeva, Z. (2021). Reflection of Intercultural Concepts in the Work "Baburnama". *Open Journal of Modern Linguistics*, 11, 140-148. DOI:10.4236/ojml.2021.112012
2. Shcherbak A.M., *Grammatika starouzbekskogo yazyka*. – Moskva; Leningrad: Izdatel'stvo Akademii Nauk SSSR1962. – 274 s.
3. Thackston W.M. Jr. *Bāburnāma: Chaghatay Turkish text with Abdul-Rahim Khankhanan's Persian translation*. [Cambridge, Mass.]: Dept. of Near Eastern Languages and Civilizations, Harvard University, 1993. – 902 p.
4. Şen M. *Gazi Zahirüddin Muhammed Bâbur, Bâburname I Giriş-Metin (Kâbil ve Hindistan Bölümleri) – Açıklamalı Dizin*. Istanbul: Marmara Üniversitesi, 1993. – 318 b.
5. Baitanasova Q. Mätın teoriasynyñ keibir мәseleleri // L.N. Gumilev atyndağy Eurazia ülttyq universitetiniñ habarşysy. *Filologia seriasy*. – 2019. – 4 (129). – 24-31 bb.
6. Tüiaqbaev Ö.O. Han jarlyqtaryndağy qypşaq tılı erekşelikteri. URL: <http://gylymordasy.kz/kaz/2016/06/29/%D1%85%D0%B0%D0%BD-%D0%B6%D0%B0%D1%80%D0%BB%D1%8B%D2%9B%D1%82%D0%B0%D1%80%D1%8B%D0%BD%D0%B4%D0%B0%D2%93%D1%8B-%D2%9B%D1%8B%D0%BF%D1%88%D1%8B%D2%9B-%D1%82%D1%96%D0%BB%D1%96-%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%BA/>(Accessed: 17.03.2023)
7. Blagova G.F. «Primety razgovornogo sintaksisa i ih stilisticheskie funkcii v «Babur-name» // 90 let N.A. Baskakovu. M.: M.: Nauka, 1996. – S.60-67.
8. Qojabekūly B. *Babyrnama. Zahir ad-din Mūhammed Babyr*. – Almaty: Atatek, 1993. – 448 b.
9. Mamyrbekova G.M., Seitbekova A.A. Äbılğazy Bahadür hanyñ «Türkı şejresiniñ» tezaurus sözdıgı. – Almaty: «Firma Ornak», 2013. – 480 b.
10. Karamanlıoğlu, A. F. *Seyf-i Sarâyî, Gülistan tercümesi (Kitâb Gülistan bi't-Türkî)*. –İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1978. – 436 б.
11. Yıkılmaz A. Bâbürnâme'de aslî zarf-fiilerin kullanimi ve zaman işlevleri üzerine // *Electronic Turkish Studies*. Summer 2015. – Vol. 10. – p. 1243-1260.
12. Louviot E. *Direct Speech in Beowulf and Other Old English Narrative Poems*. –Woodbridge: D.S. Brewer, 2016. – 294 p.
13. Zahir ad-Din Muhammed Babur Babur-Name. Sobytiya goda devyat'sot desyatogo. «Vostochnaya Literatura». *Srednevekovye istoricheskie istochniki Vostoka i Zapada*. URL: <https://www.vostlit.info/> (Accessed: 11.02.2023).

Авторлар туралы мәлімет:

Кенжалин Қуанышбек Кәрімұлы – философия докторы (PhD), қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Кенжалин Қуанышбек Каримович – доктор философии (PhD), доцент кафедрсы казахского языкознания, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Kenzhalin Kuanyshbek Karimovich – PhD, Associate Professor of the Department of Kazakh Linguistics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Данияр Әлия Ахмедияқызы – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультетінің докторанты, Астана, Қазақстан.

Данияр Алия Ахмедияновна – докторант кафедрсы казахского языкознания филологического факультета Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Daniyar Aliya Ahmediyakyzy – PhD student of L.N. Gumilyov Eurasian National University Department of Kazakh Linguistics of the Faculty of Philology, Astana, Kazakhstan.